



18+

газета издается с 26.06.2004 года

# ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 31/727

06 августа 2021 года

# Вестник

Қоғам және мемлекет

Новости Акорды

## БІЗ – 19 МИЛЛИОНБЫЗ!

Қазақстан халқының саны 19 миллионнан асты! Бұл – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген тарихи оқиға. Қуанышты хабарды ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter арқылы хабарлағанын газетіміздің кешегі санында жаздық.

Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, 19 миллионыншы тұрғынды анықтау барлық демографиялық оқиғаларды, яғни табиғи қозғалыс өсімін (белгілі бір кезеңде тірі туғандар мен қайтыс болғандар арасындағы айырма) және халықтың көші-қон айырымын (еліміздің аумағына белгілі бір кезеңде келгендер саны және оның шегінен тыс кеткендер саны арасындағы айырма) ескеріп жүргізілген.



Жәния 20 маусым күні Алматының перинаталды орталығында дүниеге келген. Туған кездегі салмағы – 4,160 кг, бойы – 55 см. Анасы Назгүл Көбенбаева 1986 жылғы, талдықорғандық, әкесі Азамат Нұрғалиев 1982 жылғы, Сарқан қаласының тумасы.

Олар 2007 жылы шаңырақ көтеріпті. Қазір Алматы облысы Іле ауданының Чапаев ауылында тұрады. Отағасының тұрақты жұмысы жоқ. Сондықтан тасымал, құрылыс салаларында еңбек етуге мәжбүр. Сәбидің анасы декреттік демалысқа шыққанға дейін ауылдағы фабрикалардың бірінде қойма меңгерушісі болып жұмыс істеген.

– Жағдайымыз жақсы, үйдеміз. Қазақстанның 19 миллионыншы тұрғыны атанғанымызды 3 тамыз күні түнде естідік. Қуанышты жаңалықты өзін қаралып жүрген гинеколог дәрігер жеткізді. Түнде медбикелер мен ауыл әкімі келіп құттықтады. Ағайын-туыс хабарласып, әлі құттықтап жатыр. 2007 және 2012 жылы туған қыздарымыз бар. 2014 жылы тағы бір қыз бала өмірге келген. Алайда 1 жас 7 айында шетінен кетті. Жәния – төртінші қызымыз, – дейді Н.Көбенбаева.

Жәния жақында қырқынан шығыпты. Осы орайда ғаламторда Жәнияның туған күніне қатысты қате деректің тарағанын айта кеткен жөн. Ол көпшілік айтып жүргендей, 3 тамызда емес, 20 маусымда туған. Ал оның Қазақстанның 19 миллионыншы тұрғыны екені 3 тамыз күні анықталды.

Бір қызығы, Қазақстанның 18 миллионыншы тұрғыны да 2017 жылы дәл осы Алматы облысында дүниеге келген болатын. Оның есімі – Мүслима Саматқызы. Ол 11 мамыр күні Талдықорған қаласында Самат Бестібаев пен Диана Омарханованың шаңырағында туған.

– Осыдан төрт жыл бұрын да дәл осындай қуанышқа кенеліп едік. Еліміздің 18 миллионыншы тұрғыны Мүслима Саматқызы Талдықорғанда дүниеге келген болатын. Сол кезде бұл сүйінші хабарды көлікте кетіп бара жатқанымда бұрынғы Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов телефон шалып айтқан еді. Биыл да 19 миллионыншы тұрғын туралы игі жаңалықты тағы да Тимур Мұратұлы хабарлады. Осылайша қуанышқа мауынып қосылып жатыр. Дегенмен қызық дерек болған соң мен одан

мұндай есептің қалай жүргізілетінін сұрадым. Ол реттік қатарды электронды база автоматты түрде өзі есептеп шығаратынын айтты. Шынында, керемет сәйкестік! Осылайша Алматы облысының қатарынан екі рет мерейі үстем болды! Алматы облысы – Елбасымыздың да, Президентіміздің де туған жері. Өңір – барлық салада алдыңғы қатарда. Соның нәтижесінде туу көрсеткіші жылдан жылға артып келеді. Мәселен, біздің облыста жыл сайын 50 мыңдай бала бірінші сыныпқа барады. Балалар – біздің байлығымыз! Сондықтан 19 миллионыншы тұрғынның да жер жаннағы Жетісуда өмірге келуі – біз үшін үлкен қуаныш. Осындай жақсылықтар жақсылыққа ұласа берсін. Жәнияның дені сау, ғұмыры ұзақ, болашағы жарқын болсын! – деді Алматы облысының әкімі Амандық Баталов.

Осы орайда 2013 жылдың 15 мамырында Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданында еліміздің 17 миллионыншы тұрғыны – Алтынбек Есқара дүниеге келгенін де атап өткен жөн. Ол Мұрат Өміш пен Гүлмира Сапарбаеваның шаңырағын шаттыққа бөлегені есімізде.

Демограф Максат Имандосов Мемлекет басшысы хабарлаған сүйінші қабардан бөлек, ел үшін маңызды тағы бір қуанышты жаңалық бар екенін айтты. Оның айтуынша, шамамен осы жылдың 20 маусымында Алматы қаласының 2 миллионыншы тұрғыны да өмірге келген екен.

– Әлбетте, биыл 35 миллионыншы тұрғыны өмірге келетін Өзбекстанмен салыстырғанда, біздің санымыз әлдеқайда аз. Мәселен, көрші мемлекеттің 19 миллионыншы тұрғыны 1985 жылы туды. Десе де, тарихи оқиғаларды зерделейтін болсақ, Қазақстанның демографиялық жағдайы жаман емес. Осыдан 21 жыл бұрын біздің санымыз 14,8 миллион адамды құрап еді. Егер қазіргі өсім динамикасы сақталатын болса, 2025 жылдың соңына қарай Қазақстанның 20 миллионыншы тұрғыны дүниеге есігін ашпақ. Алматы қаласы туралы әңгімені әрі қарай сабақтағым келіп отыр. Біз Ақтөбе де 1 миллион халық тұратын қалалардың қатарына қосылады деп күтіп жүрміз. Бірақ Ақтөбенің халқы 1 миллион адамға жеткенше, Алматы 3 миллиондық межені ертерек бағындырып қоятын секілді. Алматы 2 миллиондық межені еңсеруге 40 жыл уақыт жұмсаса, 3 миллиондық межеге 17-19 жылда жетпек. Әрине, мұндай өсімге көп жағдайда табиғи туу көрсеткіші емес, көші-қон ағыны әсер ететіні анық, – дейді М.Имандосов.

«Жалпы, тәуелсіздік жылдары халық саны 2 млн 557,9 мың адамға (15,5 пайызға) өсіп, биылғы 1 шілдеде 19 млн 009,6 мың адамды құрады. 1991 жылмен салыстырғанда туғандар саны 353,2 мыңнан 426,8 мың адамға өскен», деп хабарлады Ұлттық статистика бюросы.

Облыстар бойынша қарастырсақ, еліміздің бірқатар өңірінде халық саны айтарлықтай өскені байқалады. Айталық, 2000 жылдары Ақтөбе облысында 677 мың тұрғын тіркелсе, 2020 жылы көрсеткіш 881 мың адамға жеткен. Сол секілді Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау облыстары мен Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларының халқы 20 жылда елеулі өсім көрсеткен. 2000-2020 жылдар аралығында халқының саны азайған өңірлер де жоқ емес. Мәселен, 2000 жылы Шығыс Қазақстан облысында 1,5 млн адам тіркелсе, 2020 жылы көрсеткіш шамамен 150 мың адамға азайған. Халқының саны кеміген өңірлердің қатарында Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Ақмола облыстары да бар.

Дерек-көз: www.egemen.kz

## ТОҚАЕВ ДАЛ ПОРУЧЕНИЯ ПО КАРАНТИНУ ГЛАВЕ МВД

Касым-Жомарт Тоқаев принял министра внутренних дел Ерлана Турғумбаева, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Президента РК.

Главе государства было доложено о криминогенной ситуации в стране и результатах работы органов внутренних дел.

Президента проинформировали о принимаемых мерах по пресечению распространения поддельных паспортов вакцинации. Всего с начала года органами полиции возбуждено 110 уголовных дел, из них 50 – за подделку паспортов вакцинации и 60 – за подделку ПЦР-справок.

Министр также сообщил, что на сегодня



По словам Ерлана Турғумбаева, ведомству удалось улучшить показатели раскрываемости большинства видов преступлений. Сократилось количество убийств, грабежей, хулиганств, краж, а также правонарушений, совершенных несовершеннолетними. Повысился уровень безопасности в общественных местах и на улицах. Вместе с тем возросло количество мошеннических действий, в том числе с использованием сети интернет. Этому способствовал и рост онлайн-услуг в условиях пандемии.

96 % личного состава сотрудников подразделений МВД провакцинированы.

По итогам встречи Касым-Жомарт Тоқаев поручил министерству совместно с другими государственными органами уделять особое внимание обеспечению карантинных мер, а также активизировать работу по профилактике преступлений против несовершеннолетних, бытовой преступности и обеспечению дорожной безопасности.

Источник: <https://www.kazpravda.kz>

Токио-2020

## ЕЩЕ ОДНУ МЕДАЛЬ ЗАВОЕВАЛ КАЗАХСТАН НА ОЛИМПИАДЕ В ТОКИО

Казахстанский борец вольного стиля Нурислам Санаев стал третьим на Олимпийских играх в Токио, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на Olympic.kz.

В схватке за бронзовую медаль в категории до 57 килограммов он встретился с Георгием Вангеловым, представляющим Болгарию.

Первый период остался за Санаевым. Он смог завоевать 3 балла, которые вывели его вперед. Затем он еще смог выиграть 2 балла, обеспечив себе преимущество.

В итоге Санаев уверенно выиграл со счетом 5:1.

В активе Казахстана теперь шесть бронзовых наград. Ранее третьими стали дзюдоист Елдос Сметов, штангисты Игорь Сон и Зульфия Чиншанло, боксер Сакен



Бибосынов и капитан команды по боксу Камшыбек Кункабаев.

Источник: <https://www.kazpravda.kz>

### Кратко

Китайская интернет-компания The9 заключила соглашение о создании совместного предприятия с казахстанской фирмой по добыче криптовалюты Kaz Digital, сообщается на сайте китайской компании.

Планируется создать сайт для майнинга криптовалют в Казахстане. Он будет использоваться для развращения майнинговых машин The9 и, возможно, машин других компаний. Мощность площадки

для добычи криптовалюты составит 100 МВт. Строительство будет проходить в четыре этапа. Первая очередь мощностью 25 МВт была завершена в Воскресенье.

\*\*\*

Евросоюз выделит 200 тысяч евро в качестве гуманитарной помощи жертвам засухи в Казахстане.

Помощь получают 6000 человек в наиболее пострадавших районах Мангистауской и Туркестанской областей.

Источник: <https://informburo.kz>

## “ИГІ ІСТЕР МАРАФОНЫ”: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫН ҚАЛАЙ АТАП ӨТЕДІ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

Қарағанды облысы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын қалай атап өтетінін және қандай қайырымдылық акциялары өткізілетіні жайлы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында ішкі саясат басқармасының басшысы Ерлан Құсайын айтты берді.

– Осы жылдың ең басты оқиғасы – Ел Тәуелсіздігінің отыз жылдығы. Біздің міндетіміз – мерейтойды ең алдымен азаматтарымыздың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған игі істермен атап өту. Ешқандай салтанатты мерекелер жоспарланбайды, – деп атап өтті Ерлан Құсайын.

642 іс-шара өткізілді. Жыл басынан бері қарттарға, жалғыз басты аналарға, көп балалы, аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетілді. Оларға азық-түлік сетбеттері берілді. Сондай-ақ, көптеген кәсіпкерлер, фермерлік шаруашылықтар, ҰЕҰ медициналық мекемелерді қажетті құрал-жабдықтармен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс атқарды. Облыс тұрғындары, еріктілер де өз үлестерін қосты, – деп атап өтті спикер.

Бүгінгі таңда облыста 97 волонтерлік ұйым мен топ жұмыс істейді, оларға 7 мыңға жуық жастар кіреді. Жеке волонтерлік бастамаларды бизнес-қоғамдастық қолдайды. Мысалы, “Қайырымды ұрпақ” қайырымдылық акциясы аясында 137 бала жалпы сомасы 5 миллион теңгеден астам көмек алды. Тағы бір ауқымды игі істер акциясы – “Ел тірегі – Елбасы”. Бірінші жартыжылдықта 23 тонна азық-түлік, сондай-ақ 769 бірлік жеке қорғаныс құралдары таратылды. Акцияға Облыстың 1 500-ден астам еріктілері қатысты.

–Экологиялық мәселелер де бұрынғыдан да өзектірек бола түсті, сондықтан “Біргеміз таза әлем” бағыты бойынша “Таза табиғат” ұлттық жобасы іске асырылуда. Облыста өзендер мен су қоймаларын тазарту, ағаш отырғызу бойынша үлкен жұмыстар атқарылды, – деп атап өтті Ерлан Құсайын. – Жыл басынан бері өңірде осындай 5 мыңнан астам іс-шара өткізілді. Бұл жұмыс одан әрі жалғасатын болады.

Қарағанды облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің Ресми сайтында тікелей эфирде өткізіліп жатқан жағдайда облыстың басқармасының басшысы Ерлан Құсайын сөйлеп отыр. Оның арқасында облыстың әлеуметтік жағдайы туралы ақпараттық қорғаныс құралдары таратылды. Акцияға Облыстың 1 500-ден астам еріктілері қатысты.

–Экологиялық мәселелер де бұрынғыдан да өзектірек бола түсті, сондықтан “Біргеміз таза әлем” бағыты бойынша “Таза табиғат” ұлттық жобасы іске асырылуда. Облыста өзендер мен су қоймаларын тазарту, ағаш отырғызу бойынша үлкен жұмыстар атқарылды, – деп атап өтті Ерлан Құсайын. – Жыл басынан бері өңірде осындай 5 мыңнан астам іс-шара өткізілді. Бұл жұмыс одан әрі жалғасатын болады.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеудің өңірлік жоспарына 187 іс-шара енгізілді, оның ішінде 5 халықаралық, 6 республикалық, 13 облыстық және 163 қалалық және аудандық іс-шаралар. Сондай-ақ, облыста “Ордалы отыз іс” арнайы жобасы құрылды.

– Қайырымдылыққа көп көңіл бөлінеді. Мәселен, республикада “Қайырымды істер марафондары” жалпыұлттық жобасы жұмыс істейді. Оның аясында жыл басынан бері облыста 21 233 адамның қатысуымен 2

Қарағанды облысының әкімдігі

### Біздің сұқбат



2019-жылдан басталған «COVID-19» коронавирусы жұқпалы дертіннің ылануы биыл да еліміздің барлық аумағында кең етек алып, салдары бытырғыдан кем соғып жатқан жоқ. Ауырып жатқандар да, қаза тапқандар да, жазылып шығып жатқандар да жетерлік. Қарапайым халық арасында әлі де дақпырт пен қауесет, үрей мен қорқыныш жетіп-артылады. Осынау көңілдерді беймаза еткен жағдайдың анық-қанығына жету үшін «Қарағанды облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Приозерск қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы Гаухар Серікқызы Өнербековадан сұқбат алған едік. Осы сұқбатты қала тұрғындары мен газет оқырмандарының назарына ұсынамыз:

Тіліші: Жұқпалы дерттің біздің қалада да өршіп тұрғанынан хабардармыз. Бүгінгі

Қарағанды облысының әкімдігі

## БІЛІМ БЕРУ ЖИНАҚТАУ ЖҮЙЕСІ: 16 МЫҢНАН АСТАМ ДЕПОЗИТ АШЫЛҒАН

НҮР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат -

Қазақстандықтар мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі бойынша 16 мыңнан астам білім беру депозиттерін ашты. Бұл туралы ҚазАқпарат БҒМ-не сілтеме жасап хабарлайды. Бүгінгі таңда білім беру жинақтау салымдарының жалпы сомасы 22,3 млрд теңгені құрайды. Бұған дейін қазақстандықтар өздерінің немесе бала-



ларының білім алуына ақшалай қаражат жинақтау үшін «AQYL» білім беру жинақтау салымдары құрылды. Осы жинақтаушы салым жүйесін қолдаудың басты артықшылығы 9%-ға дейінгі банктік сыйақыдан басқа, қазақстандықтардың салымдарына мемлекеттік сыйлықақы есептеледі. Бұл артықшылық халықтың әлеуметтік осал топтары үшін де қарастырылған. «Мемлекет сыйлықақының жылдық мөлшері 5%-ды, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жинақталған соманың 7%-ын құрайды. Бұл ретте банктік сыйақы мен мемлекеттің сыйлықақысы капиталдандырылады, яғни негізгі салымға қосылады. «AQYL» білім беру жинақтау салымдары депозиттік нарықта ең жоғары кіріске ие екенін айта кеткен жөн. Осылайша, мемлекет ата-аналарға баланы оқытуға кететін шығындарды және отбасылық бюджетке түсетін жүктемелі едәуір азайтуға көмектеседі, – деп хабарлады ҚР БҒМ.

Бұдан басқа, білім беру депозитін Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры сақтандырған және мемлекет пен үшінші тұлғалар тарапынан да кез келген шектеулер мен өндіріп алулардан қорғалған. Бұл мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде ашылған депозитке тыйым сала алмайтындығын білдіреді. «Депозитті мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің серіктес банкітерінде ашуға болады. Салымшы отбасылық бюджеттің мүмкіндіктері мен жүктемесіне байланысты салымды толықтырудың мөлшері мен жүйелілігін өзі анықтайды. Білім беру депозитін кассалар, интернет-банкінг, сондай-ақ қартадан жинақтаушы шотқа аудару арқылы толықтыруға болады. Бұл салымшылардың уақытын айтарлықтай үнемдейді», – деп нақтылады министрлікте. Бала грантқа түскен жағдайда салымшы барлық қаражатты банк сыйақысымен және мемлекет сыйлықақысымен бірге шоттан алуға құқылы. Сондай-ақ ол қаражатты үшінші тұлғаның білім беру салымына аудару немесе магистратура бойынша оқуын төлеу үшін жинауды жалғастыруына болады. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі аясында оқыту географиясына байланысты шектеулер жоқ. Яғни, жинақтарды қазақстандық колледждер мен жоғары оқу орындарында, сондай-ақ шетелде оқу ақысын төлеу үшін де пайдалануға болады. Техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға «AQYL» білім беру депозитін жасына қарамастан барлық қазақстандық аша алады.

Бұл салымшылардың уақытын айтарлықтай үнемдейді», – деп нақтылады министрлікте. Бала грантқа түскен жағдайда салымшы барлық қаражатты банк сыйақысымен және мемлекет сыйлықақысымен бірге шоттан алуға құқылы. Сондай-ақ ол қаражатты үшінші тұлғаның білім беру салымына аудару немесе магистратура бойынша оқуын төлеу үшін жинауды жалғастыруына болады. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі аясында оқыту географиясына байланысты шектеулер жоқ. Яғни, жинақтарды қазақстандық колледждер мен жоғары оқу орындарында, сондай-ақ шетелде оқу ақысын төлеу үшін де пайдалануға болады. Техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға «AQYL» білім беру депозитін жасына қарамастан барлық қазақстандық аша алады.

Қарағанды облысының әкімдігі

## САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА!

кездегі жағдайға түсінік бере кетсеңіз.

Г.Өнербекова: Қазіргі таңдағы коронавирустық сырқаты бойынша эпидемиологиялық жағдайды айта кетер болсақ, қаңтар айынан бүгінгі күнге дейін 363 жағдай тіркелген, 100 мың халыққа көрсеткіші 2394,4. Соңғы ай ішінде, яғни шілде айында осы сырқаттанушылықтың ең жоғарғы көрсеткіші тіркеліп отыр, 147 сараптамалық жолмен анықталған, 100 мың халыққа көрсеткіші 969,6. Алдыңғы өткен аймен салыстырғанда маусым айында 16 жағдай тіркелген болатын. Оның ішінде симптомдық белгілері бар адамдардың саны -104, симптомсыз жағдайлары бар адамдар саны 43.

Тіліші: Сонда қаламыздағы коронавирусуға байланысты санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың нашар болғаны ма?

Г.Өнербекова: Солай десек те болады. Сырқат деңгейі облыстық деңгейден асып, қазіргі күні Приозерск қаласы «қызыл аймаққа» кірген. Коронавирустық сырқаты бойынша санитарлық-эпидемиологиялық жағдай бүгінгі күнде тұрақсыз. Сырқаттанғандар саны күн сайын өсіп, әр тәулікте 10 нан аса жағдай тіркелуде.

Тіліші: Аталған жұқпалы індетке көбінесе қай жастағы адамдар шалдығуда?

Г.Өнербекова: Сырқаттанғандар арасында ересектердің саны 104 болса, жеткіншектер арасында 8 адам және 14 жасқа дейінгі балалар арасында – 35 бала ауырған. Тіркелген адамдар арасында зейнеткерлер мен ұйымдаспаған балалар арасында көп тіркелді. Зейнеткерлер арасында тіркелу үй жайларында жұқтыру орын алып отыр. Көбінесе карантиндік талаптар сақталмайды және басқа аумақтарға жүріп тұру арқасында аурушандықты тасымалдау фак-

торлары жиі орын алады (той тойлау, командировка, қайтыс болған туыстарға бару, еңбек демалысы уақытында басқа облыстарға, қалаларға жүріп тұрулар) секілді жәйттердің әсері көшті болып отыр. Басқа өңірден алып келген, алдын-ала анықтау бойынша - 15 адам, олармен жақын қарым-қатынаста болған 48 адам және көпшілік орындарда немесе жұмыс орындарында әлеуметтік қашықтықты сақтамағандықтан, үнемі бетперде ережесін сақтамағандықтан сырқатты жұқтыруы мүмкін деген 84 адам анықталған.

Тіліші: Жағдайдың қиындығын ескеріп, бұған қарсы қала аумағында қандай шаралар қолданылуда?

Г.Өнербекова: Аурушандықтың арту деңгейіне сәйкес Қарағанды облыстық бас санитарлық дәрігерінің қаулысы шығарылып, осы қаулы бойынша бірнеше шектеулер, яғни, 3 адамнан топтасып жүрмеуге, жасы 65 тен асқан жандарға көпшілік орындарына шығуына шектеу, маска кию ережелерін толық сақтау, ара қашықтықты сақтау, көпшілік жиылуларына жол бермеу секілді шектеулер қойылған. Той тойлауға (үйлену тойы, қыз ұзату, сүндет тойы) көпшіліктің топтасып жиналуларына жол бермеу, ұйымдастырмау, қатыспауы қажет. Көпшілік орындарда бетперде кию ережесін сақтау, ара қашықтықты сақтау керек. Приозерск, Сарышаған кенті және Тасарал ауылы тұрғындарына ескерте кететін тағы бір мәселе: **коронавирусуға қарсы екпе алу**, Қарағанды облысының бас санитарлық дәрігерінің қаулысы бойынша екпенің 1-компонентін 10-тамызға дейін, 2-компонентін жаппай 1-қыркүйекке дейін алынуы қажет. Халық арасында 70 пайыз тұрғындар екпе алып, көпшіліктің иммунитеті пайда болса өзімізді де, белгілі бір денсаулығының себебімен екпе ала алмаған, созылмалы

сырқаты бар адамдарды да осы қатерлі сырқаттан аман алып қалатын едік. Бұл мәселеге қала тұрғындары бейжай қарамау тиіс. Барлық жасалынып жатқан әрекеттер халықтың денсаулығын, өмірін сақтап қалуға бағытталатынын ұмытпайық дегім келеді.

Қызметтегі адамдар жұмыстан қашық-



тықта жұмыс жасауына ұсыныс беріледі немесе егер осы қызметкердің жұмысы қашықтықтан жасау мүмкіншілігі болмаған жағдайда, әрбір қызметкер екпе алмаған болса әр 7 күн сайын ПТР тест тапсырып, теріс нәтижесімен анықтама арқылы жұмысқа жіберілетін болады.

Тіліші: Маңызды сұқбатыңыз үшін алғысымыз шексіз! Қала тұрғындары мен газет оқырмандары осы сұқбаттан кейін сақтану шараларын қолданып, екпе алуға жаппай келетін болады деп үміттенеміз және саулық – сақтықта екенін ескеретініне сенейік!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.

## ӨМІРДІ ӘНМЕН ӨРНЕКТЕГЕН ӘНШІ

Ұлы көшке 30 жыл

Қазақ халқы ғасырда бір туатын дарынды тұлғалардан кенде болмаған. Дана, шешен, батыр, би, акын, жырау, әншілердің санап тауыса алмасың анық. Ондай дарын иелері біздің туып-өскен өлкеміз Тауелібай топырағында да ондап саналады. Солардың арасынан елуінші жылдардың соңына қарай дүниеге келіп, Тамды ауданының «Розасы» атанған, эстрада және халық әндерін нәшіне келтіре шырқап, атағы Өзбекстан, Қазақстан және Қарақалпақстан аймақтарына таралған Бағила Мұратованың ел-жұрт арасындағы абырой-беделі бір төбе. 13-14 жасынан-ақ Тамдыдағы «Ақтау» ансамблінде әншіліктен өмір жолын бастаған Б.Мұратованың бүкіл өмірін осы ән өнеріне бағыштағанына біз де, ел де куә. «Ақтау» ансамблінде өнерімен танылған ол Кенимех, Үшқұдық аудандарында да қызмет етіп, халықтың жүрегінен әнші ретінде орын алды. Өз заманында аты аңызға айналған «Ақтау» ән-би ансамблінің құрылуында, қалыптасуында да өлшеусіз мол үлес қосып, құйқылжыта салған әсем әндерімен талай жүректі еріксіз сүйсіндірген әнші апаймыздың, әсіресе, өзінің туылып өскен ата жұрты – Тамды елінде өнер мен мәдениеттің дамуына қосқан үлесі ұшан теңіз. Сол кездері дүниеге келген бөбектерге әнші апасындай болсын деп, үміттерін үкілеген ата-ана талай бүлдіршіндерін әншінің есімімен Бағила атады.

Жезтаңдай әнші Бағила Жұмаханқызы Мұратова жөнінде толығырақ тоқталар болсақ, ол 1957-жылы 8-қазанда Өзбекстан Республикасының қазіргі Науаи облысының Тамды ауданының орталығы Тамдыбұлақта дүниеге келген. Әншілік өнеріне әуестігі жас кезінен байқалған Бағила Мұратова 13 жасынан бастап аудандық Мәдениет үйі жанынан ұйымдастырылған көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, сол кездің өзінде-ақ қала, ауылдарда аудандық көркемөнерпаздар үйірмесі мүшелері қатарында өнер көрсете бастаған. 1973-жылы «Ақтау» ән-би ансамблі мүшелері қатарында еліміз астанасы Ташкент қаласында өткен «Чашма» телебайқауына қатынасып, өнер көрсеткен. Осы байқауда ансамбль «Ақтау» ән-би халық ансамблі» атағын иелеген болатын.

Мектепті бітірген 1974-жылы Бағила Мұратова Бұхара қаласындағы Мәдениет техникумына оқуға түсіп, оны 1978-жылы аяқтаған. Осы жылы «Замандас», «Біз

Бұхараданбыз» телебағдарламаларына түскен. Ол «Замандас» телебағдарламасында мұнан кейін де 1981, 1983, 1991-жылдары бірнеше рет қатынасып, Бағила Мұратова ауданда халық театры жұмыстарының кемелденуіне де өзіндік үлес қосқан майталман өнерпаздарымыздың бірі. 1979-1982-жылдар аралығында «Ақтау» ән, би ансамблі және халық театры сапында Түркістан және бүкіл Қарақалпақстанды аралап, өнер көрсеткен. Жамбыл облыстық қазақ драма театрының актері «Қазақстанның мәдениет қайраткері» Жасұзақ Әйтпенбетов сол жылдары Тамды ауданында халық театрын ұйымдастырған болатын. Осы халық театрының көркемөнерпаздары Ташкент қаласында өткен байқауға қатысып, бірінші орынды иеленді. Сол жолы Халық театрына «театр» атағы беріліп, 2 штат бөлінді. Бұл штаттар аудандық Мәдениет үйінде әлі күнге дейін пайдаланылуда. Негізі Қарақата елді мекеніне қарасты №18-фермада дүниеге келген Жасұзақ аға Әйтпенбетов бұл күндері Алматы қаласында тұрады. Ол кісінің кинофильмдері де бар... Бағила апа сол кісінің басшылығында ұйымдастырылған Сафуан Шаймерденовтың «Дөкей келе жатыр» спектаклінде және Сәкен Жүнісовтың «Қызым, саған айтамын!», Қалтай Мұхамеджановтың «Пайпай, жас жұбайлар-ай!» атты қойылымдарында басты рөлдерді сомдап, көпшілік көрерменнің ықыласына бөленген еді. «Ақтау» ансамблінің құрамында қойлы ауылдарды аралап, қона жатып, шопандар қауымының ыстық ықыласына бөленгені өз алдына бір төбе. Ол өнер үшін жаралған жан болғандықтан, күй тандамады, ауыр да қиын жолдан шаршамады, ауа-райының ыстық, суығына қарамай, ел-жұрттың қамы үшін қызмет етті.

– Ол кездері фонограмма деген атымен жоқ, жанды дауыста ән саламыз. Гастрольдік сапарлардан түскен қаржы «Ақтау» ән-би ансамблінің арнаулы есеп қорына түсіп, өнерпаздарға сол қордан жалақы төленетін еді, – дейді, өткен күндерді еске алған Бағила апай. Ол 1984-жылы «Мархабо, талантлар!» байқауына қатынасып, әншілік өнерімен көпшілікті тәнті етті. 1974-1986-жылдар аралығында аудандық Мәдениет бөлімінде Автоклуб меңгерушісі, Көркемдік жетекші қызметтерін лайықты атқара білді. 1985-жылы Ташкент қаласындағы Мәдениет институтын бітіріп келген соң

1986-1988-жылдары Үшқұдық аудандық Мәдениет бөлімінде меңгеруші, 1992-93-жылдары Науаи облыстық Мәдениет басқармасы «Ғылыми әдістемелік орталықта» әдіскерлік бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1993-1998-жылдар аралығында Кенимех аудандық Мәдениет бөлімін басқарса, 1999-2009-жылдары Зафарабад



(Көкше) қаласындағы «Юность» клубында басшылық қызметтерді атқарды. Бағила апайдың өнер, мәдениет саласын дамытуға бұл еңбектері ескерусіз қалған жоқ.

1997-жылы Тамды ауданының әкімдігі Тамды аудандық Мәдениет бөлімі ұйымдастырған «Ақтау» ән-би ансамблінің 25 жылдығына арнап өткізілген концертте Бағила Мұратоваға «Тауелібай бұлбұл» атағы берілді. Осы жылы Бағиланың 25 жылдық шығармашылық концерті Үшқұдық қаласында және Кенимех аудандық Мәдениет үйінде де дүрілдеп өтті. Бағила апай мұнан кейін де өнер жолындағы қызметін тоқтатқан жоқ. 2002-жылы Зафарабад қаласындағы «Юность» клубында оның 30 жылдық шығармашылық концерті ұйымдастырылса, «Беу, Бағила!» атты 45 жылдық шығармашылық концерті 2017-жылы Степногорск қалалық Мәдениет

үйінде лайықты аталып өтті. Бүгінгі таңда Б.Мұратова Ақсу кенті Мәдениет үйінде «Кимешек» хорына көркемдік жетекші қызметін атқаруда. 2020-жылдың 2-18 желтоқсанда өткізілген 50 жас пен 90-жас аралығында талантты ата-апалардың «Өнерлі елдің өресі биік» атты VI республикалық өнер байқауының ән аталымы бойынша бірінші орын иегері атанды. Бағила Мұратова әруақытта қоғамдық ішараларға белсенділік танытып, жауапкершілікпен қарайды. Оған мысал ретінде еліміз Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойына орай «Домбыра» ұлттық телеарнасының ұйымдастыруымен өткізілген ішараны айтсақ болады. Өнерімен өрге өрлеген Бағила Мұратоваға арнап талай ел жақсылары, акын-жыршылар жыр жазып, ән арнағаны, ол әндерді Тауелібай елінің жастары тамылжыта әуелете салып жүргені – қайталанбас өнер иесі, бұлбұл дауысты әнші Бағила Мұратованың аты әлі талай жастарға үлгі болатын асқақ өнер иесі екенін дәлелдей түседі. Бағила әншінің тума талантына табынушы ретінде әнін дарынды тұлға Календар Бейсенбаев жазған «Әншімай!» менің де өлеңім осы әншіге бағышталған еді. Бұл ән қазір оның репертуарынан түскен емес.

Б.Мұратованың Степногор қаласының мәдениет саласында еңбек етіп, түрлі жетістіктерге жетіп жүргенін сырттай естіп, біліп жүрміз. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы жолында және өңірдің әлеуеті мен өркенінің шарықтауында белсенділік танытып, ұзақ жылдар бойы мәдениет және өнер саласында аянбай еңбек етіп, үлкен жетістіктерге жеткені үшін Тәуелібайдың бұлбұл үнді әншісі «Qimmat-Abyroi, Birlik» қоғамдық бірлестігінің «ХАЛЫҚ ҚҰРМЕТІ» орденімен марапатталғанын естіп, біз – жерлестері де қуандық. Алпыстың асқарын бағындырып, жасы ұлғайғанына қарамастан әншілігін тастамаған Бағиланың дауысы сол баяғы қалпынан таймаған. Қала басшылығы оны қаланың барлық өнер ішараларынан қалдырмайды. Тауелібайдың бұлбұл, қазір тарихи Отанына қызмет етіп жүрген Б.Мұратоваға шығармашылық табыс тілеп, «өмірді әнмен өрнектей бер», деген ыстық лебізімізді білдіреміз біз де өз тарапымыздан!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.  
Суретте: әнші Б.Мұратова.

### Бала тәрбиесі – барицаға ортақ

Жас ұрпақты халқымыздың ұмыт болған салт-дәстүрлерін жалғастырып құрметтеуге, инабаттылыққа, имандылыққа адамгершілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа, достыққа, ерлікке, ізденімпаздыққа, іскерлікке, шеберлікке, ұқыптылыққа, дәлдікке ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеу мектеппен қатар бүкіл қоғамның басты міндеті. Халқымыз жан-жақты адамды «сегіз қырлы бір сырлы», - дейді. Адамның сегіз қырлының бірі – оның ақылы, имандылығы. Иманды, білімі мол, ата салтын, дінін, тілін білген адамның көкірегі ояу болады, жаман мен жақсыны айыра біледі. Халқымыз жан-жақты адамды «сегіз қырлы бір сырлы», - дейді. Адамның сегіз қырлының бірі – оның ақылы, имандылығы. Иманды, білімі мол, ата салтын, дінін, тілін білген адамның көкірегі ояу болады, жаман мен жақсыны айыра біледі. Егеменді еліміздің ертеңі болашақ ұрпақ қолында. Болашақ ұрпақты имандылық тәрбиеге баули отырып, халық дәстүрін

## ИМАНДЫЛЫҚ – ІЗГІЛІК НЕГІЗІ

жүрегіне ұялатып, санасына құю – бүгінгі білім мен тәрбиенің басты міндеті. Қазіргі кезде ата-анасын қарттар үйіне өткізген бала, балаларын тірі жетім етіп, жүрген



алаяқ ата-аналар, маскүнем, ұрылардың көбеюі біздің ұлттық тәрбиемізге сын. Сондықтан, мектепте имандылық

тәрбиесінің берілуі оқушылар бойына ізгі қасиеттерін сіңіру үшін, өзін мұсылман деп тануға ұлтының озық дәстүрін, әдет-ғұрпын ұғынуға, ұлт-жанды азамат болып өсіп жетілуіне игі әсер етеді деп сенеміз.

Имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Үстіміздегі жылдың 15-шілдесі күні қаламыздағы кітапхананың

«Білім» орталығында «Сырлас» клубының мүшелері мен кітапхана қызметкерлерінің қатысуымен «Имандылық – ізгілік негізі»

атты имандылық сағаты өткізілді. Аталған имандылық сағатының мақсаты – имандылық сөзінің нақты мағынасын қатысушыларға кеңінен түсіндіру. Әскеден ұрпақтың бойына иман-дылық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Адамгершілік қасиеттерге бағыттау арқылы адамның рухани білімін, дүниетанымын байыту. Шараға қатысқан өмір тәжірибесін көп көрген ата-әжелер қатысушыларға имандылық, ізгілік, адамның адамға дұшпан емес, дос болуы, кісіге қиянат жасамау туралы және өздерінің бастан өткізген, көрген оқиғалары жайында қызықты әңгіме шертті. Аталған іс-шара барысында кітапханашы Б.Пирмаханова имандылық жайлы толық ақпарат беріп, сұрақтар қойылып өз пікірлерін ортаға салып өте қызықты өтті. Іс-шара соңында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ.  
Суретте: шараға қатысушылар.

## ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА АСЫҒАЙЫҚ

Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде де аталған қайырымдылық акциясы бойынша бейне сюжет қойылып, осы тақырыптағы плакат, баннер ілінді. Жыл сайынғы өткізіліп отырған акцияның мақсаты жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы және тұрмыс жағдайы төмен отбастарына нақты көмек көрсету



болып табылады. Қайырымдылық акциясы аясында, ізгілік жолында көмек зәру жандарға қолдан келген көмегімізді аямайық, ағайын! Акцияға қатысқан жандарға мың алғыс! Өр кез жүрегіміз кең, пейіліміз ақ болып,

жақсылық жасауға ұмтылып тұрайық!  
Жанар Садуақасова,  
«№1 жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
әлеуметтік педагогы

### НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти **Нартаевой Улбалы Турсыновны**, умершей 09 июля 2021 года. Имеющим наследником обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005



Елімізде жаңа 2021-2022 оқу жылының басталуына байланысты жалпы Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жүргізілуде. Соның ішінде Қарағанды облысы білім басқармасының



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМҒА ҚАСТЫҚ

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес – ең өзекті әрі мемлекеттік маңызды мәселе. Мемлекеттің бастамалары, өсіп-өркендеуіне кепаатын тигізіп, жетістіктерін жоққа шығаратын елдің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін жымсық жау десе болады. Сондықтан елімізде мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығының бірі – осы зұлымдықпен күресу болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз – бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты» - деп, айтқан екен кезінде Аристотель ғұлама.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейкесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі – паракорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырымен жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Паракорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылақ жасайды.

Паракорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан – жылға өсе түсуде. Паракорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлердің айналысып отырғанын көрсетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген.

Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шыр-мап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толық қанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек.


Сыбайлас жемқорлық белең алған мемлекет дамымайды, өркендемейді. Сол үшін мықты мемлекет пен бірлігі бекем ел болуымыз үшін адалдыққа жол беруіміз керек, сонда ғана өсеміз, дамимыз.

**К.Р. Кадилова,**  
**«ҚР АШМ АӨК МИК**  
**Приозерск қалалық аумақтық**  
**инспекциясы» ММ басшысы**

## ОБЕСПЕЧЕНИЕ ТЕХНИЧЕСКИМИ ВСПОМОГАТЕЛЬНЫМИ СРЕДСТВАМИ РЕАБИЛИТАЦИИ ЛИЦ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ, ЗА 1 ПОЛУГОДИЕ 2021 ГОДА

С января 2021 года лица с ограниченными физическими возможностями, имеющие индивидуальные программы реабилитации (ИПР), получают технические средства, в том числе гигиенические (подгузники, пеленки, кало-мочеприемники и т.д.) и услуги индивидуального помощника, специалиста жестового языка, санаторно-курортное лечение только через портал социальных услуг [aleumet.egov.kz](http://aleumet.egov.kz).

чел.;  
-специальными средствами передвижения – 3 чел.;  
-санаторно-курортным лечением – 12 чел.;  
-услугами индивидуального помощника – 13 чел.;  
-гигиеническими средствами – 63 чел.  
Получить консультацию по обеспечению техническими вспомогательными сред-



За 1 полугодие т.г. обеспечены техническими вспомогательными средствами реабилитации 104 лица, с ограниченными возможностями:

-протезно-ортопедическими средствами 7 чел.;  
-сурдотехническими средствами – 2 чел.;  
-тифлотехническими средствами – 4

вами реабилитации можно по адресу: ул.Балхашская 5, ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск», каб. 101, тел. 5-49-40.

**А. Литов.,**  
**ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»**  
**заведующий сектором**

### ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

### К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

#### ТМРК-ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ. КӨПШІЛІК ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті, Қарағанды қаласы, Костенко көшесі, 6-үй, тел. 8 7212 42-67-00, 41-18-27, сайт <http://www.gov.kz/memleket/entities/krem> «Сарышаған Сужылы - 2014» ЖШС-нің тариф және тарифтік сметасын бекітуге берген өтінімдерін қарастыру бойынша, жылу энергиясымен жабдықтау, тарату желілері бойынша су беру және Приозерск қаласының сарқынды суларын бұру қызметтері бойынша көпшілік тыңдаулар өткізеді.

Өтінім Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90-НҚ бұйрығымен бекітілген тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылды.

#### Қоғамдық тыңдау өтуі:

2021 жылғы 16 тамызда сағат 10-00-де, Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Космонавтов көшесі 2 "Приозерск қаласының "Достық" балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы" мекенжайы бойынша, сондай-ақ онлайн режимінде Facebook әлеуметтік желісі арқылы (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>), сондай-ақ ZOOM платформасы арқылы (конференция идентификаторы: 2415502078 кіру коды: 123456).

Тыңдауға мәслихат депутаттары, тұтынушылар, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, табиғи монополиялар субъектілерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері шақырылады.

Қоғамдық тыңдауға азаматтар қатаң санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып қатыса алады. "Қарағанды облысындағы шектеу және карантиндік шаралар туралы" Қарағанды облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 шілдедегі № 23-Қ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қарағанды облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 29 шілдедегі № 28-Қ қаулысының негізінде көпшілік тыңдауларға қатысушыларға қойылатын төмендегі талаптар орындалуы тиіс:

- 1) алынған сәттен бастап 3 тәуліктен аспайтын уақыт өткен ПТР әдісімен COVID-19-ға тестілеудің теріс нәтижесі туралы анықтама немесе COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсы алғанын растайтын құжаттың болуы;
- 2) көпшілік тыңдау өткізілетін үй-жайда болудың бүкіл кезеңі ішінде респираторлық үлгідегі медициналық маскаларды пайдалану қажет;
- 3) әлеуметтік қашықтықты сақтау;
- 4) қол алысуды не тікелей байланыстың басқа да нысандарын болдырмау.

Департаменттің байланыс телефондары: 8 (7212) 41-18-27, 41-34-20.

"Сарышаған Сужылы-2014" ЖШС байланыс телефондары: 8 (71039) 5-23-88, 5-23-70.

"Сарышаған Сужылы-2014" ЖШС

#### ДКРЕМ – КАРАГАНДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ. ПРОВОДЯТСЯ ПУБЛИЧНЫЕ СЛУШАНИЯ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области, расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко, дом 6, тел. 8 7212 42-67-00, 41-18-27, сайт <http://www.gov.kz/memleket/entities/krem>, проводит публичные слушания по рассмотрению заявки на утверждение тарифа и тарифной сметы ТОО «Сарышаған Сужылы - 2014» на услуги по передаче, распределению и снабжению тепловой энергией, услуги подачи воды по распределительным сетям и отводу сточных вод г.Приозерск.

Заявка представлена в соответствии с Правилами формирования тарифов (цен, ставок сборов) и тарифных смет, утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года № 90-ОД.

#### Публичные слушания состоятся:

16 августа 2021 года в 10-00 часов, по адресу: Карагандинская область, г.Приозерск, ул.Космонавтов 2 "Центр детско-юношеского творчества "Достық" города Приозерск", а также в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>), а также через платформу Zoom (идентификатор конференции: 2415502078 Код доступа: 123456).

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

В публичном слушании могут принять участие граждане с соблюдением строгих санитарно-эпидемиологических норм. На основании Постановления Главного государственного санитарного врача Карагандинской области от 29 июля 2021 года № 28-Қ «О внесении изменений и дополнений в постановление Главного государственного санитарного врача Карагандинской области от 10 июля 2021 года № 23-Қ «Об ограничительных и карантинных мерах в Карагандинской области» должны выполняться требования к участникам публичных слушаний:

- 1) наличие отрицательного результата тестирования на COVID-19 методом ПЦР, с момента получения которого прошло не более 3 суток или документа, подтверждающего получение полного курса вакцинации против COVID-19;
  - 2) использование медицинских масок респираторного типа в течение всего периода пребывания в помещении, в котором проводится публичное слушание;
  - 3) соблюдение социального дистанцирования;
  - 4) исключение рукопожатий либо других форм прямого контакта.
- Контактные телефоны Департамента: 8 (7212) 41-18-27, 41-34-20.  
Контактный телефон ТОО «Сарышаған Сужылы-2014»: 8 (71039) 5-23-88, 5-23-70.

ТОО «Сарышаған Сужылы-2014»

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru) Веб-сайт: [www.prz\\_westnik.kz](http://www.prz_westnik.kz)

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 31/727. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041